

6D080200-Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Кубекова Бахыт Жанайдаровнаның «Солтүстік Қазақстанда голштиндендірілген сиырлардың табиғи резистенттілігі және сүт өнімділігі, экстерьерлік-конституционалдық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша

ПІКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|-------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Кубекова Бахыт Жанайдаровнаның 6D080200-Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту және ауылшаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі» ғылымның дамуының басым бағытына сәйкес орындалған. |
| | | 1) <u>Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</u> 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын | 1) Диссертациялық жұмыс биоэтика комитетінің ережелеріне «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ жергілікті этикалық комиссияның 08 қаңтар 2024 ж. отырысының №1 хаттамасына сәйкес жүргізілді. 2) Жұмыс Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыру шеңберінде 2018-2020 жж. «Отандық селекцияның өнімділігі жоғары сиырлардың өнімділігін арттырудың кешенді |

| | | | |
|----|---------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | | көрсету) | бағдарламасын әзірлеу мен енгізу» (тірк.№ 0118РК00398) жүзеге асырылды. 3) 2021-2023 жж. «Қазақстанның әр түрлі табиғи-климаттық аймақтары үшін бейімделген ресурстық энергия үнемдейтін және цифрлық технологияларды қолдану негізінде сүтті мал шаруашылығында күтін-бағу, азықтандыру, өсіру және өсімін жоғарлату технологияларын әзірлеу» BR10764965 бағдарламалық-нысаналы бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру шеңберінде орындалды. |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | <u>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Сүтті бағытындағы малдарды өсіретін шаруашылықтардың басты мақсатының бірі жас малдарды қарқынды өсірудің технологиясы болып табылады. Ірі қара малының дамуын көрсететін және оның сүт өнімділігінен әсер ететін көрсеткіштердің бірі болып малдардың тірілей салмағы болып табылады. Маңыздылығы міндеттер арқылы толық ашылған . Асылтұқымды шаруашылықтарында голштиндендірілген қара ала тұқымының сүт өнімділігін жоғарлату мен сиырлардың шаруашылықта лактация жасын ұзарту мен табиғи резистенттілігін анықтау мақсатында ресей және шетел селекциясының голштиндердірілген қара ала тұқымына жүргізілген зерттеу ғылымға елеулі үлесін қосады. |

| | | | |
|----|----------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған | Кубекова Б.Ж. диссертациясын жазу жоғары деңгейде, зерттеу нәтижелеріне талдау жасай отырып, біршама түсінікті әрі ғылыми стильмен сипаттап жазған. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі, зерттеу әдістері және ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы жақсы талданған. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. | Диссертациялық жұмыстың өзектілігі жеткілікті негізделген, теориялық және практикалық маңыздылығы көрсетілген. Сүтті мал шаруашылығында төлдерді өсіруден бастап, ұрықтандырып, дене бітімінің экстерьерлік-конституционалдық ерекшеліктерін толықтай зерттеп, сүт өнімділігінің құрамы мен сапасы зерттелінді. Жүргізілген әдеби деректерге талдау және докторанттың өз зерттеулерінің нәтижелері диссертациялық жұмыстың өзектілігі толық дәлелденген. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды | Диссертацияның мазмұны, оның тақырыбын толықтай айқындайды. Таңдалған зерттеу топтары мен зерттеу әдістері мал шаруашылығы саласын одан әрі жетілдіру мен экономикалық тиімділігін анықтауға бағытталған. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді | Зерттеу мақсаты диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді. Қойылған жеті міндеттері бір-бірімен өзара байланысты және қойылған мақсатты шешуге бағытталған. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен | Диссертацияның барлық бөлімдері бір-бірімен |

| | | | |
|----|----------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | | <p>құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ | <p>тығыз байланысты. Теориялық мағлұматтар тәжірибелік нәтижелермен расталған. Диссертацияның бөлімдері логикалық тұрғыдан өзара байланысты, әрбір келесі бөлім алдыңғы бөлімнен логикалық түрде шығады, зерттеу тақырыбы мен алынған нәтижелер туралы толық түсінік береді.</p> |
| | | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | <p>Диссертант жұмысының зерттеу нәтижелеріне өзінің жарияланған ғылыми еңбектерін, отандық және шетелдік ғылыми мақалаларды салыстыра отырып, сыни талдау жүргізген.</p> |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | <p>Диссертацияның негізгі бөлімдері жаңа болып табылады, докторант алғаш рет жеке зерттеулер жүргізді. Зерттеу нәтижелері Солтүстік Қазақстанның голштиндендірілген кара ала тұқымы малдарының өсіп-дамуын, экстерьерлік-конституционалдық ерекшеліктерін, сүт өнімділігі мен қанының гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштері зерттеді.</p> |
| | | <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); | <p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа, сенімді, негізделген және алынған нәтижелерді көрсетеді.</p> |

| | | | |
|----|----------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | | 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертацияның мақсаты мен міндеттерін шешуде қолданылған зоотехниялық, биотехникалық, технологиялық және экономикалық шешімдері негізделген және жаңа болып табылады. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми негізделген және ғылыми практикалық тұрғыдан дәлелденген. Жұмыс жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде жүргізілді, жақсы негізделген, жұмыстың ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы күмән тудырмайды. Таңдалған малдардың жеткілікті санымен және зертханалық зерттеулердің үлкен көлемімен алынған нәтижелер сенімділік тудырады. Деректерді талдаудың пайдаланылған әдістемелерінің сәйкестігімен расталады. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттары дәлелденген. Диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарылған қағидаттары тривиалды емес. Диссертациялық жұмыста келтірілген барлық зерттеулер жаңа болып табылады. Алынған нәтижелер мен жетілдірілген технологиялар сүтті мал шаруашылығы саласында кеңінен қолданылады. |


| | | | |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | | <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> | <p>Докторант жұмысының ғылыми жаңылығы күмән тудырмайды, жетекші отандық және шетелдік рейтингтік журналдардағы жариялымдармен расталған.</p> |
| 8. | <p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p> | <p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> | <p>Иә, әдіснаманы таңдау негізделген. Зерттеу әдістері сауатты баяндалған, жүргізілген зерттеулердің сапалық және сандық көрсеткіштерін ашады. Зерттеу жүргізу үшін мал шаруашылығында қолданылатын классикалық әдістер қолданылды. Диссертацияда зоотехниялық, биохимиялық, статистикалық өңдеу әдістері қолданылды.</p> |
| <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> | | <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы өңделген. Зерттеу барысында алынған негізгі сандық материал Стьюдент арқылы сенімділікті анықтай отырып, Microsoft Excell «Талдау пакеті» қондырмасы арқылы вариациялық статистика әдісімен өңделді.</p> | |
| <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер,</p> | | <p>Алынған қорытындылар зерттеу нәтижелерін</p> | |

| | | | |
|---|-------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | | анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жок | сипаттайды және қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Жұмыстың қорытындылары тәжірибелік зерттеулермен дәлелденген және расталған. |
| | | 8.4 <u>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</u> | Диссертацияда жасалынған әр нәтиже бойынша негіздемелер мен қорытындылар өзекті және сенімді әдебиеттерге сілтемелерімен расталады. |
| | | 8.5 <u>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</u> | Қолданылған әдебиеттер саны 134 әдебиеттен тұрады, оның ішінде 46 шетел тіліндегі әдебиеттер. Қолданылған әдебиеттер саны әдеби шолуға жеткілікті. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жок | Диссертацияның теориялық маңызы зор, сондықтан нәтижелерді жоғары оқу орындары мен колледждерде «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандықтары үшін пайдалануға болады. Диссертант диссертация тақырыбы бойынша магистранттар мен студенттерге арналған оқу құралын ұсынды. Зерттеу нәтижелері автор алған білім кейінгі сүт ғылыми зерттеулерінде қолданылуы мүмкін білімді айтарлықтай кеңейтеді. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: | Жұмыс нәтижелері сүтті мал шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтар үшін маңызды практикалық мүмкіндігі бар. Зерттеу нәтижелері |

| | | | |
|-----|---------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | | <p>1) ия; 2) жоқ</p> | <p>Қостанай облысының голштиндердірілген қара ала тұқымы төлдерінің өсіп дамуы мен сиырларының экстерьерлік-конституционалдық, желіннің морфо-функционалдық көрсеткіштері, сүт өнімділігі мен сүттің физико-химиялық құрамы мен табиғи резистенттілігін анықтауға мүмкіндік беріп, саланың рентабельділігін арттырады.</p> |
| | | <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Алынған нәтижелерді ірі қара мал шаруашылығында қолдану ықтималдылығы күмән тудырмайды. Практикаға арналған ұсыныстар Қазақстанның солтүстік өңірі мен жалпы республика үшін жаңа болып табылады, өйткені жұмыс сүт мал шаруашылығын дамытуға арналған.</p> |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | <p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p> | <p>Диссертациялық жұмыс тақырыпқа сәйкес жазылған. Диссертациялық жұмыс түсінікті түрде баяндалған, негізгі ұғымдар, анықтамалар мен ережелер толық ұсынылған. Жұмыстың құрылымы, мазмұны, диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.</p> |

Шешім: Кубекова Бахыт Жанайдаровна 6D080200-Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент: Алматы технологиялық университеті,
а.ш.ғ.к., қауымдастырылған профессор



С.М. Мирзакулов

